

Режимдік шектеулердің қолданысы тоқтатыла тұратын Каспий теңізі жағалауындағы участеклерді белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 11-ке бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 наурызда № 32149 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 48-бабының 6-тармағына сәйкес БҮЙҮРАМЫН:

1. 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін теңіз экономикалық қызмет аудандарын (теңіз порттары, су тарту арналары, газ терминалдары, теңіз дәліздері және фарватерлер) қоспағанда, Бұрыншық мүйісінен бастап Сүйе мүйісіне дейін Каспий теңізіндегі қазақстандық секторында режимдік шектеулердің қолданысы тоқтатылсын.

Аталған мерзімде белгіленген акваторияда жеке және занды тұлғалар демалыс, туризм және спорт үшін пайдаланатын қазақстандық шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (суысті және суасты) кемелерге (құралдарға) және мұз үстімен жылжитын құралдарға теңізге екі мильге дейін қашықтыққа еркін шығуға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйріқты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйріқты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйріқтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бүйріқпен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен әскери қызметшілері таныстырылсын.

5. Осы бүйріқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы

E. Сагимбаев